

Республики Казахстан. Представлена динамика объемов производства сельскохозяйственной продукции, финансирования из республиканского бюджета за 2010-2016 гг., кредитования и налогообложения сельскохозяйственных товаропроизводителей. Даны рекомендации по эффективному использованию бюджетных средств, предложения по сокращению финансирования мер, наносящих значительный ущерб функционированию рынков в условиях Всемирной торговой организации.

Abstract. The authors note that the main task of State regulation of economic development of the industry in the context of the WTO is the reorientation of support for agricultural sector in favor of measures permitted by the rules of this organization, including optimizing the structure of budget expenditures of various levels by reducing direct budget support programs, which requires the implementation of result oriented budgeting principle (ROB). The main issues of fiscal policy in agricultural and industrial complex of the Republic of Kazakhstan have been revealed. The dynamics of the volume of agricultural production, financing from the republican budget for 2010-2016, lending and taxation of agricultural commodity producers is presented. Recommendations are given on the effective use of budgetary funds, proposals to reduce the financing of measures that cause significant damage to the functioning of markets in the conditions of the World Trade Organization.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, мемлекеттік реттеу, ДСҰ, республикалық бюджет, салықтар, субсидиялар, несиелер, жұмыс істеу, бюджеттеу, мемлекеттік қолдау.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, государственное регулирование, ВТО, республиканский бюджет, налоги, субсидии, кредиты, финансирование, бюджетирование, государственная поддержка.

Key words: agro-industrial complex, State regulation, WTO, republican budget, taxes, subsidies, loans, financing, budgeting, public support.

Кіріспе. Аграрлық секторды мемлекеттік реттеуді жетілдіру жолдарының маңызды қадамына ДСҰ ережелері негізінде аграрлық секторды қолдауға бағдарлану болып табылады. Мәселе негізінен тікелей бюджеттік қолдау бағдарламаларын қысқарту есебінен, әртүрлі деңгейлердегі бюджеттердің шығыс құрылымын оңтайландыруға бағытталу керек. ДСҰ жағдайында аталмыш мәселені шешу маңызды әрі өзекті. ДСҰ аграрлық секторды либералды қолдауға бағытталған қызметі, саланы қолдау шараларын тоқтатуға емес, керісінше қолдау формаларының өзгеруін айқындайды. Осыған байланысты нарықтың қызмет етуіне елеулі зиян әкелетін қаржыландыру шараларын қысқартуды және рұқсат етілген қолдау шараларына шығындарды арттыруға бағытталу керек. Секторды дамытуға бағытталған шаралардың ішінде өндірушілерді қолдау бағдарламалары қысқа уақыттағы мәселелерді шешуге бағытталмайды, жалпы сала мүддесі мен саясатын қайта бағдарлауға негізделеді. Бюджеттік қызметті қаржыландыруда қаражаттарды қайта бөлу жұмыстарын жүргізуге бағытталу керек.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының жұмыс істеуінің түрлі аспектілеріне арналған шетелдік және қазақстандық ғалым-

дардың көптеген еңбектері еліміздің агроөнеркәсіп кешеніне сандық және сапалық талдау жүргізуге бағытталды, қазіргі жағдайдағы саланы дамыту үрдістерін анықтады, саланың теориялық және қолданбалы сипаттағы өзекті мәселелерін тұжырымдады. Агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарына, әсіресе ДСҰ контекстінде қаржылық қолдау көрсету мәселесі салыстырмалы түрде аз зерттелген. Аграрлық сектор субъектілерінің қаржы ресурстарын пайдалануды бағалаудың қолданыстағы әдістері, сондай-ақ қазіргі жағдайдағы еліміздің ауыл шаруашылығының ерекшелігін ескере отырып, субъектілердің қаржылық тұрақтылығын бағалаудың әртүрлі әдістемелік мәселелері қайта қаралуы қажет.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерге байланысты, республикадағы агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының қызметін тиімді қаржылық қолдау тетіктерін кешенді зерттеу уақтылы болып табылады және осы жағдай зерттеудің өзектілігін сипаттап отыр. Зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы оның теориялық, әдістемелік және практикалық тұжырымдамаларында, зерттеу қорытындылары республиканың агроөнеркәсіптік кешені кәсіпорындарын қаржылық қамтамасыз ету проблемасын шешуге мүмкіндік береді, бұл елдің индустриалды

тердің орын алуына әкелді, 2010 жылдан бастап 2016 жылға дейін жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру 2 есеге немесе 76,1%-ға артты (1 кесте).

терінің) жалпы өндірісі, млн. теңге

2013	2014	2015	2016
------	------	------	------

2019	2017	2016	2015

1256871	1393762	1469923	1621541
---------	---------	---------	---------

1250071	1393702	1409929	1021541
74244.8	85.687.2	80.204.4	106.481.1

74244,8	85 087,3	89 294,4	100 481,1
84 242,0	87 382,1	102650,0	114 678,7

94 343,0	97 282,1	102659,9	114 678,7
211251,4	222212,2	242221,4	227 721,2

211651,4	236349,8	246934,4	267 794,0
----------	----------	----------	-----------

32 026,1	33 204,7	34 924,6	36 027,1
----------	----------	----------	----------

--	--	--	--	--

57 859,6	58 719,4	65 771,7	72 868,4
----------	----------	----------	----------

жеттік қаражатты пайдалану тиімділігінің принципі берілген қаражатты пайдалануда жоғары нәтижелерге жету немесе аз шығынмен барынша жоғары нәтижеге жетуде ресурстарды үнемдеуге негізделеді [4].

Сонымен, нәтижеге бағдарланған бюджеттендіру қағидасы бюджеттік шығындардың тиімділігін жоғарылатудың сапалы құралы. Аталмыш қағиданы жүйелі қолдану арқылы қаржыны басқару саласында оң нәтижеге қол жеткізілуі мүмкін.

Біздің көзқарасымыз бойынша бюджеттік қаражатты тиімді қолдану мен оның нәтижелерін іске асыруға байланысты агроөнеркәсіп кешенін бюджеттік қолдау бағдарламаларын басқарудың негізгі қағидаларын жүйелендіруге болады:

- экономикалық өсу әлеуеті бар, агро-кешенді айқындайтын саланы инвестициялаудың басымдықтары;
- құқықтық органдар арқылы бекітілген мақсаттарға сәйкес қаражатты пайдалану;
- бюджеттік бағдарламалар әкімшілігімен қарым-қатынас жүйесінің тиімділігі;
- жан-жақты есеп пен есеп-берудің болуы, белгілі кезең ішінде өндірілген қызметтен түскен кіріс пен оның көлемін сәйкестендіру.

Қазақстан Республикасында бюджеттік үрдістердің тиімділігі АӨК шығыстарының бюджеттік шығыстарында келтіріледі. Аграрлық сектордағы шығындардың функционалдық жіктемесі ДСҰ қажеттілігі үшін «сары қорап» және «жасыл қорап» шаралары, ауыл шаруашылық өндірушілерін қолдау мен жалпы қаржыландыру қызметтері арқылы іс-шараларды анықтауға, әлемдік қауымдастықта қабылданған қолдау шараларының топтарға бөлу арқылы қалыптастырылады. Ауыл шаруашылығы шығыстарына ауыл шаруашылығын дамыту мен агроөнеркәсіп секторындағы барлық шығындар кіреді. Бюджеттің басқа бөлімдерінде ауыл шаруашылығын қолдау туралы шаралар қарастырылмаған, бұл отандық бюджеттік жоспарлау және халықаралық мониторинг үшін (мысалы, ДСҰ қажеттілігі үшін) ашықтықтың көрінісі болып табылады.

Республикалық бюджет – «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың негізгі құралы. Агроөнеркәсіп кешенін реттеуде субъектілерді бюджеттік және бюджеттен тыс қолдау нысандары арқылы жүзеге асырылады. Агроөнеркәсіп кешенін реттеу бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, бюджеттің барлық деңгейлерінде қаражат көмегімен бюджеттік қызметтерді

ұсыну шаралары бюджеттік қолдау нысанына жатқызылады.

Бюджеттік қаражаттарды жұмсауды талап етпейтін агроөнеркәсіп саясаты, сонымен қатар баға және тарифтік реттеу; ауыл шаруашылық өнімдері мен азық-түлік экспорт-импорты бойынша сыртқы саудалық реттеу; жеңілдіктерді, тыйымдарды және шектеулерді орнату шаралары бюджеттен тыс қолдау нысанына жатады.


«Сары қорап» шаралары Қазақстандағы бюджет қаражаты есебінен ауыл шаруашылығын қолдаудың негізгі құралдарының бірі. Сонымен бірге, шығыстардың 50%-дан астамы «сары қорап» шараларымен байланысты ағымдағы бағдарламалармен қамтылған. Қазақстанда «көк қорап» шаралары қолданылмайды.

Осылайша, қаржыландыру жүйесі ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісін ұлғайту және өндіріс құнын төмендету үшін ынталандыру арқылы сала қызметінің нығаюына ықпал етуі тиіс. Мұның бәрі бюджеттік қаржыландыру бағытының ғылыми тұрғыдан дұрыс негізделгендігін, бюджет қаражатын ұсынудың формалары мен әдістерін, қаражат берілетін субъектілердің құрамын анықтаудың маңыздылығын көрсетеді [5].

2010-2016 жылдар аралығында агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға арналған республикалық бюджеттің шығыстары 1368,0 млрд. теңгені құрады, ал 2010 жылмен салыстырғанда 2016 жылы шығындар 22 млрд. теңге немесе 12,8%-ға өсті (1 сурет).

Айта кету керек, 2003 жылдан 2005 жылға дейін қаржыландырудың ұлғаюы байқалды, бұл кезең ауылдық елді-мекендерді көтеру жылдары деп жарияланды, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды көздейтін Мемлекеттік АгроАзық-түлік бағдарламасы жүзеге асырылды.

2011 жылы қаржыландыру 229 млрд. теңгені құрады. 2011 жылы агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға республикалық бюджеттің шығыстары 2010 жылмен салыстырғанда 104,1%, 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда - 99,6%, 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда - 80,7% ал 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда - 87,5% құрады. Республикалық бюджеттен қаржыландырудың төмендеуі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан агроөнеркәсіптік кешеннің дағдарысқа қарсы шараларын жүзеге асыру үшін қосымша қаражат бөлінгеніне байланысты болды.



Ескерту: [1 дерек көзінен қараңыз]

1 сурет – 2010-2016 жылдар аралығында агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға арналған республикалық бюджеттің шығыстары млрд. тенге

Отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қолдау және дамыту шеңберіндегі мемлекеттік реттеудің маңызды әдістерінің бірі субсидиялар болып табылады. Соңғы кездері субсидиялаудың жыл сайынғы өсу қарқыны байқалды. 2001-2009 жылдар аралығында Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені кәсіпорындарына 108,9 млрд. тенге сомасында субсидия берілген, ал өсім 100,1 есеге өсті.

Қаражаттың басым бөлігі ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасына (ауыл шаруашылық өнімдерін өсіру, қайта өңдеу,

сапасын жоғарылату, өнімділігі) - 91,1 млрд. тенге немесе 83,7% және ауыл шаруашылығын дамытуды қолдау бағдарламасына (қаржы лизингі және заемдар бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау) - 11,2 млрд. тенге немесе бөлінген қаражаттың жалпы сомасының 10,3%-ы тиесілі. 2011 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде субсидиялаудың өсу қарқыны өсімдік шаруашылығында - 2,2 есеге, мал шаруашылығында - 3 есеге өскені байқалады (2 кесте).

2 кесте – Қазақстан Республикасындағы өсімдік және мал шаруашылығын субсидиялау, 2011 - 2016 жж., млрд. тенге

Атауы	2011	2012	2013	2014	2015	2011 ж. салыстырғандағы 2015 жылғы өсу қарқыны %
Өсімдік шаруашылығы	29,5	31,4	39,5	66,6	64,6	2,2 есе
Мал шаруашылығы	23,1	31,4	38,4	49,3	69,1	3,0 есе

Ескерту: [1 дерек көзінен қараңыз]

АӨК-ні табысты дамытудың алғышарты – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің несиеге қолжетімділігі болып табылады. Қазақстанның несие секторы ауыл шаруашылығында маңызды рөл атқарады, бірақ оның әсері ірі шаруашылықтар және кәсіпорындармен шектеледі. Саладағы басты міндет – ауыл шаруашылық өндірушілерінің табыстарын өсіруге, бәсекеге қабілеттілікті жоғарыла-туға, дамытуға мүмкіндік беруші ресурс-тарға қолжетімділікті арттыру және шағын шаруашылықтардың игілігі үшін ауыл шаруашы-

лығында қаржылық делдалдық қызмет көлемін барынша ынталандыру.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін несиелік механизм пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуге, фьючерстер мен форвардтық операцияларды дамытуға мүмкіндік беруі керек. Осылайша, 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердің және «ҚазАгроҰБХ» АҚ-ның ауыл шаруашылығындағы жиынтық несиелік портфелі 1488,0 млрд. Теңгені құрады, оның 66%-ы ЕДБ-ге, ал «ҚазАгро» компаниялар тобына 34%-ы тиесілі.

Экономический механизм хозяйствования

3 кестедегі мәліметтерді талдайтын болсақ, екінші деңгейлі банктердің 2012-2016 жылдарға арналған ауыл шаруашылығына берілген кредиттер көлемі 675,0 млрд. теңгеге дейін немесе 2 есеге дейін өсті. Алайда, сауда саласымен салыстырғанда бұл көрсеткіш 4 есеге, ал өнеркәсіп саласымен салыстырғанда 3 есеге аз. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректері бойынша, Қазақстан Республикасы экономикасы секторлары бойынша, оның ішінде ауыл шаруашылығына берілген несиелер көлемі жыл сайын артып келеді. Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешен секторындағы несиелердің үлесі


2015 жылы 8% құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 54%-ға төмен.

Ауыл шаруашылығын қолдаудың жанама құралдарының бірі салық болып табылады. 2015 жылға арналған салық органдарының деректері бойынша, ауыл шаруашылығы құрылымдары бюджетке 33,6 млрд. теңге салық пен басқа да төлемдерді төледі. Салық құрылымындағы көп үлес ҚҚС тиесілі (орта есеппен 5 жыл ішінде - 53,5%). Сонымен бірге, өзіндік құн бойынша салықтың үлесі 5-6% құрайды. Экономиканың барлық салалары бойынша түсімдердің жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылығының үлесі орта есеппен 0,5% құрайды (2 сурет).

3 кесте – Экономика салалары бойынша банктердің несиелері, 2012 -2016 жж. млн. теңге

Салалар	2012	2013	2014	2015	2016
Республика бойынша барлығы	9958040	11291 548	12105 684	12674 245	12708 324
Оның ішінде:					
өнеркәсіп	1193727	1282 613	1369226	1698638	1811601
Ауыл шаруашылығы	322025	375431	485002	653644	674655
құрылыс	1397017	1383302	1143174	991739	955579
транспорт	423831	395590	434385	609183	561002
байланыс	78376	89929	96925	136715	147556
сауда	1998683	2207340	2419861	2645676	2674418
Басқа да салалар	4544381	5557344	6157111	5938650	5883512

Ескерту: [6] әдебиет көзі негізінде құрастырылған



Ескерту: [1 деректер негізінен қараңыз]

2 сурет – Ауыл шаруашылығы саласы бойынша бюджетке кірістердің қарқыны, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және әлеуметтік сақтандыруға аударымдар, млрд.теңге

Тұжырымдар. Сонымен, ұлттық экономиканың аграрлық секторы еңбекті қолдану мен өндіріс саласы ғана емес, сонымен қатар ел халқының басым бөлігінің мекен етуші тұрғылықты жері. Ауыл шаруашылық өндірісінің деңгейі кезкелген елдің азық-түлік қауіпсіздігі жағдайына тікелей әсер етеді. Ауыл шаруашылығы өндіруші күштерді дамыту тұрғысынан артта қалған салыстырмалы статикалық индустрия болып табылады және өзгермелі экономикалық және технологиялық жағдайларға басқа салаларға қарағанда баяу бейімделеді. Сондықтан көптеген дамыған елдерде ауыл шаруашылығының тиімді жүйесі бар, мемлекет тарапынан реттелетін саясат жүргізіледі.

Аграрлық секторды мемлекеттік реттеуді жетілдірудің маңызды қадамы - ДСҰ ережелерімен рұқсат етілген шаралардың аясында агроөнеркәсіп секторын қолдау болып табылады. Бұл тікелей бюджеттік қолдау бағдарламаларын қысқарту арқылы түрлі деңгейдегі бюджет шығыстарының құрылымын оңтайландыру және нәтижеге бағдарланған бюджеттендіру есебінен тиімді пайдалануды жақсарту жүйесі. ДСҰ жағдайында бұл мәселені шешу өзекті. ДСҰ-ның агроөнеркәсіптік секторды қолдауды ырықтандыруға бағытталған ережелері қолдаудың күшін жою сияқты емес, тек қолдау түрлерінің өзгеруін білдіреді. Осыған байланысты нарықтардың қызмет етуіне елеулі түрде зиян келтіретін іс-шараларды қаржыландыруды қысқарту және уәкілетті қолдау шараларының шығындарын арттыру ұсынылады.

Біздің ойымызша, ауыл шаруашылығында одан әрі тұрақтандыру негізінен оның қаржылық қамтамасыз ету деңгейіне байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде кең ауқымды және оңтайлы кәсіпорындарды қаржыландыру жүйесі дамыған. Аграрлық сектор субъектілерінің меншікті қаражаттары қосымша капиталдың көзі болмамайды, ал мұндай субъектілерде уақытша ақша қаражаты жоқ. Ағымдағы жағдай объективті түрде агроөнеркәсіптік кешенді қаржылық қолдаудың тиімді кіші жүйесін құрудың жаңа жолдарын табу қажеттілігін көрсетеді [7].

Қазақстанның ДСҰ-на мүше болуы сыртқы экономикалық қызметте отандық экономиканың мүдделерін қорғау, экспорттаушылардың мүдделерін қорғау және отандық өнімдерді әлемдік нарықта орналастырудың тиімді құралы болуға тиіс. Барлық жағдайларда қазақстандық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілет-

тілігін арттыру табыстың кепілі және Қазақстанның ДСҰ-на кіруінің оң нәтижесі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 «Официальный сайт Комитета статистики Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Электронный ресурс].-2015.-URL: [http:// www.stat.kz](http://www.stat.kz). (дата обращения: 30.09.2017).

2 Нурумов А.А. Государственная финансовая поддержка развития АПК РК // Актуальные проблемы экономики.-Киев.-2014.-№2 (152).- С. 87-93.

3 Каменова М.Ж. The role of WTO and the Customs Union in the countrys competitiveness increase. Economic annals-XX1, Researcy Journal.- Kyiv.-2015.- №9-10.- Р. 28-32.

4 Материалы круглого стола на тему «Государственный финансовый контроль в условиях перехода на бюджетирование, ориентированное на результат: тенденции и перспективы»: Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета. – Астана, 2012.- С.15-20.

5 Отчет Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета за 2015 год.- Астана [Электронный ресурс] ресурс].-2015.-URL: [http:// www.esep.kz](http://www.esep.kz) (дата обращения: 27.09.2017).

6 Официальный сайт Национального банка Республики Казахстан [Электронный ресурс].-2015.-URL: [http:// www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) (дата обращения: 30.09.2017).

7 Аймурзина Б.Т., Каменова М.Ж. Финансовые инструменты регулирования сельскохозяйственного производства Казахстана // Проблемы агорынка.- 2017.- №3.-С. 61-65.

Әdebietter tizimi

1 Oficial'nyj sajт Komiteta statistiki Ministerstva nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazakhstan [Jelektronnyj resurs].-2015.-URL: [http:// www.stat.kz](http://www.stat.kz). (data obrashhenija: 30.09.2017).

2 Nurumov A.A. Gosudarstvennaja finansovaja podderzhka razvitiya APK RK // Aktual'nye problemy jekonomiki. - Kiev.- 2014. - №2 (152).- S. 87-93.

3 Kamenova M.Zh. The role of WTO and the Customs Union in the countrys competitiveness increase. Economic annals-XX1, Researcy Journal.-Kyiv.-2015.-№9-10.-Р. 28-32.

4 Materialy kruglogo stola na temu «Gosudarstvennyj finansovyj kontrol' v uslovijah perehoda na bjudzhetrovanie, orientirovannoe na rezul'tat: tendencii i perspektivy»: Schetnyj komitet po kontrolju za ispolneniem respublikanskogo bjudzheta. – Astana, 2012.- S.15-20.

5 Otchet Schetnogo komiteta po kontrolju za ispolneniem respublikanskogo bjudzheta za 2015 god.- Astana [Jelektronnyj resurs].-2015.-URL: [http:// www.esep.kz](http://www.esep.kz) (data obra-